

Ұлытау облысының Қоғамдық кенесінің кезекті отырысының

ХАТТАМАСЫ № 4

Жөзқазған қ.

7.02.2024

16 . 00

Облыстың Қоғамдық кенесінің Ұлытау облысы басқармаларының 2023 жылға атқарылған жұмыс барыстары мен 2024 жылға қойған мақсаттарын тындауға арналған отырысы онлайн және оффлайн форматта өтті. Отрысты облыстың қоғамдық кенесінің төрағасы **Б. Бегенов** ашып, жүргізді.

Отырыска кенес мүшелері: А. Ахмет, Д. Төлегенов, М. Сейдахметов, **А. Мұкеева, Ш. Хамзе, А. Әбжаппаров, М. Маткенов, А. Токишова, Д. Изтолеуов, М. А. Қайыпбеков, М. Сейдахметов, М. Бейсенбаев, Д. Тусупбеков, А. Такибаев, М. Бекмаганбетов, М. Атамұрат, М. Шамбулов, М. Мырзабекова Ы. Қозайдаров, Е. Жұнусов, М. Оспанов, В. Фомин** қатысты.

Белгілі себеппен қатыспағандар: С. Оспанов, Н. Битенов, А. Рахметов, **Т. Букоров;**

Күн тәртібінде: Ұлытау облысының басқармалар басшыларының есебін тындау:

Бегенов Б – Қайырлы күн әріпестер, мем. қызметкерлер. Жоспарға сый басқармалар басшыларын тындауды бастаймыз. Бұғын есеп беретін:

- Виктория Александровна Ставицкая** – экономика басқармасының басшысы;
- Кеңірбай Қоңырұлы Смагұлов** - қаржы басқармасының басшысы;
- Нұржан Серікұлы ОРЫНБАЕВ** - жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы;
- Дархан Қабылдашұлы Мұқан** – Қоғамдық даму басқармасының басшысы

Алғашқы сөз кезегі Виктория Ставицкаяда:

Ставицкая В – Сәлеметсіздер ма ! Басқару аппараты мемлекеттік қызметшілердің 16 бірлігінен, накты саны- 11 бірліктен, бос жұмыс орындары- 5 бірліктен тұрады. Басқару құрылымына 4 бөлім кіреді.

Баскарма жалпы сомасы **522,4** млн. теңгеге **4** бюджеттік бағдарламаны іске асырады:

001 - Экономикалық саясатты қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер;

007 - Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарга берілетін бюджеттік кредиттер;

108 - Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негізdemelerін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шетелдік жұмыс

113 - Төменгі түрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер.

2. Облыс, аудандар және қалалар бойынша әлеуметтік-экономикалық даму мониторингі тұркты негізде жүргізіледі, облыс төлкүжаты жасалады.

33 іс-шарадан тұратын «Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.А. Смайловтың Ұлытау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы жұмыс сапарының қорытындысы бойынша Жол картасы» әзірленіп, бекітілді.

Инфляциялық процестерді тежеу жөніндегі 2023 жылға арналған кешенді іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді. Жоспардың орындалуы бойынша ҰӘМ-ге ай сайын ақпарат ұсынылады.

Ауылдық аумактарды дамыту тұжырымдамасын іске асыру максатында әкімдіктің 2023 жылғы 24 қарашадағы №62/03 қаулысымен Ұлытау облысының даму әлеуеті бар (*тірек және спутниктік ауылдық елді мекендерді қоса алғанда*) ауылдарының тізбесі бекітілді.

Толық ақпарат хаттамаға тіркелген.

Бегенов Б – Рахмет ! Сұрақтарға көшейік.

Қайыпбеков А – Бюджетін орындалысын қалай тексеріп қадағалауға болады?

Ставицкая В- Біздің басқарма әрдайым есеп беріп отырады.

Оспанов М – 2024 жылға қандай жоспар бар?

Ставицкая В – Облысты дамытудың кешенді жоспары бар. Облыс әкімінің тапсырмасы бойынша Ұлытау облысының әкімдігі мен «Қазакмыс» корпорациясы» ЖШС (15,4 млрд теңгеге 30-дан астам іс-шара) және «Казцинк» ЖШС (650 млн теңгеге 9 іс-шара) арасында 2024 жылға арналған өзара түсіністік және ынтымактастық туралы Меморандум жобалары дайындалды.

Оспанов М – Қазакмыспен жасалған меморандум жайлы не айтасыз?

Ставицкая В – Көбісі 2023 жылдан осы жылға ауысты. Кейбіреуінің құжаттары /ПСД/ әлі жасалып жатыр.

Бегенов Б - Ұлттық спорт түрлерін қолдау керек. З мектеп ашылайын деп жатыр. Соған көніл бөлсеніздер..

Бегенов Б - Сұрақтарыңыз болмаса, Виктория Александровнаға рахмет.

Келесі баяндамашы - Кенгіrbай Смағұлов .

Смағұлов К - 2023 жылға облыс бойынша бюджеттің кірістерінің жоспары 84 млрд 911 млн болған, орындалысы 107,5 пайызды құрады немесе 6 млрд 394 млн артық орындалды, оның ішінде облыстық бюджет - 845 млн, Сәтбаев қаласы – 1 млрд 972 млн, Жезқазған қаласы – 1 млрд 726 млн. Жанаңка ауданы – 1 млрд 066 млн, Қаражал қаласы – 506 млн және Ұлытау ауданы бойынша – 277 млн артық орындалды. 2024 жылдың 1 қантарына облыс бюджеті шығыстарының жалпы көлемі – 189 млрд 513,8 млн теңгені құрады. Оның ішінде:

1. Республикалық бюджет – 32 млрд 132,2 млн теңге, яғни 17%.
2. Облыстық бюджет – 95 млрд 777,1 млн теңге, яғни 50,5%.
3. Жергілікті бюджет – 61 млрд 604,5 млн теңге, яғни 32,5%.

Бюджет шығыстарының орындалысы 94,8 пайызды құрады, 9 млрд теңге биылғы жылға ауыстырылды, себебі – сапалы және толық пайдалану үшін жасалды.

2024 жылға облыс бойынша бюджеттің кірістерінің жоспары 90 млрд 874 млн теңге, қантар айына орындалысы 193,9 пайызды құрады немесе 11 млрд 67,8 млн артық орындалды, оның ішінде облыстық бюджет – 5 млрд 907,6 млн. Жезқазған

қаласы – 3 млрд 794,7 млн, Сәтбаев қаласы – 917,9 млн, Қаражал қаласы – 317,2 млн, Жанаңка ауданы – 57,3 млн және Ұлытау ауданы бойынша – 73,1 млн артык орындалды.

2024 жылдың бекітілген облыс бюджеті шығыстарының жалпы көлемі – 172 млрд 47,8 млн теңгені құрады.

Фомин В – 2024 жылы былтырғыга қараганда бюджеттің шығыс бөлігі өсті ма?

Смағұлов К – Эрине, былтырғымен салыстырғанда әлдекайда өсті.

Бегенов Б – Жақсы рахмет. Орынбаев мырза сөз сізде.

Орынбаев Н – Откен жылы әлеуметтік сала бойынша облыстық және республикалық бюджеттерден нақтыланған бюджет 2 миллиард 638 млн тг құрады. Халықты жұмыспен қам туды қамтамасыз ету мақсатында 2023 жылға өнірлік жұмыспен қамту картасы бекітілді. Оған шамамен 10 000 жұмыс орны немесе жоспардың 87% жұмыспен қамту шараларымен қамтылды, оның ішінде тұракты жұмыс орындарына шамамен 4000 жұмыска орналастырылды.

Ұлттық жобалар шенберінде 462 жұмыс орны құрылды. Жастар қәсіпкерлігін дамытуға арналған несиeler ірі қара мал, жылқы, қой өсіруге, тігін ательесін ашуға, жихаз өндірісіне т.б. Микрокредиттер «Аграрлық Несие корпорация» АҚ Ұлытау облысының филиалав арқылы берілді.

Қысқа мерзімді курстарда – 101 адам оқытылды.

Халықтың көші – қоны саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру шенберінде басқарма «Жұмыс берушілерге» шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру немесе ұзарту қызметтерін көрсетті.

2023 жылы облыстық үш жакты комиссияның 5 отырысы, қаалалар мән аудандарда өнірлік үш жакты комиссиялардың – 42 отырысы өтті.

Толық баяндама хаттамаға тіркелді.

Қайыпбеков А – микрокредит қанша соммага дейін берілді?

Орынбаев Н – 5 млн дейін.

Фомин В – Жұмысқа тұрғызу бойынша 4000 адам қай жакқа, қандай мекемелерге тұрғызылды. Негізгі жұмыс беруші кім?

Орынбаев Н – Еңбек порталы бар, сол жерде әр түрлі вакансиялар көрсетілген. Біз тек мониторинг жасаймыз. Алдымызда кім қай жерге тұрды деген мақсат қойылмаған.

Қозайдаров Ы -Мүгедектің бар балаларға қандай жағдай жасалып жатыр? Егер жасалса қандай ауруы бар балаларға көмек көрсетіледі және қай жерде?

Орынбаев Н – Балалар «Аялы алқан» орталығында жаттығады. Жалпы 131 бала бар ауыратын, 33 көмекке мұқтаж. Ол әр түрлі категорияларға болінеді?

Бегенов Б – Жақсы рахмет. Соңғы баяндамашы – Дархан Мұхан.

Мұхан Д - Басқарма штаты 11 бірлік мемлекеттік қызметшіден тұрады. 2023 жылы басқарма мен оған қарасты мекемелердің бюджеті 1 259 801 теңгені құрады. 2024 жылғы бюджет 1 млрд 061 млн теңге. 2024 жылдың акпан айында Ұлытау облысы жастарының жалпы саны (14-35 жас) 61 042 (оның 48 067-і қалалық жерде, 12 975-і ауылда) адамды немесе өнір халқының жалпы санының 27,5% құрайды, жастар жұмыссыздығының деңгейі 2,6% (статистикалық мәлімет бойынша).

NEET-жастардың саны 2022 жылы (14-29 жас) – 3777 адамды (9%), 2023 жылдың II токсанында – 6016 (9.8%), III токсанында – 4341 (7.1%) адамды 2024 жылдың акпан айында 4341 (7.1%) адамды құрады.

«Ulytau go» облыс жастарына арналған жоба жүзеге асырылды. Жоба аясында әр аудан/қаладан 10 жастың (NEET санатындағы жастар) қатысуымен 5 күндік білім беруге, дағдыдарын арттыруға, пікіралмасу алаңын құруға, құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған іс-шаралар (тренингтер, мастер-класстар, пікірталас, экскурсиялар, ойындар) ұйымдастырылды.

2023 жылғы Республика күніне орай «Мен жас казакстандықтың» атты форумы өтті. Форумаясында облыстың үздік 18 номинация бойынша жастарды марапаттады. Оның ішінде «Үздік жыл патриоты», «Үздік жастар ұйымы», «Үздік дәрігер» т.б.

Ұлытау облысында еріктілер қозғалысын жандандыру мақсатында «Birlik» еріктілер клубының жұмысын жетілдіру жобасы жүзеге асырылды. Жоба аясында облыстық фронт-офис жұмысын жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізілді. Фронт-офис волонтерлік топтарға, ұйымдарға және волонтерлерге ұйымдастыруышылық, ақпараттық және ресурстық көмек, сондай-ақ консультациялық көмек көрсетеді. Бұгінгі таңда 15 мыңға жуық еріктілердің қатысуымен 400-ден астам іс-шара ұйымдастырылды.

Жастар саясатын іске асыруға 5 Жастар ресурстық орталығы қызметі ықпал етеді. Ұлытау облысының бойынша жастар ресурстық орталықтарының барлық штат саны: Жезқазған қаласында - 18, Сәтбаев қаласында - 10, Қаражал қаласында - 7, Жанаарқа ауданында - 10 және Ұлытау ауданында штат саны - 10 адамды құрайды. Облыстағы 5 жастар ресурстық орталықтары жастарға арнайы ақпараттық-консультациялық көмек көрсету жұмыстары жүргізілуде. Жыл басынан бастап жалпы мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан бағдарламалар бойынша 4482 , психологиялық көмекке 533, зангерлік көмекке 1680 адам жүгінді.

Бұдан басқа, ЖРО мамандары жергілікті тұрғылықты жердегі және маргиналды жастар көп жиналатын орындарда жұмыссыз жастарға арналған ақпараттық-консультациялық көшпелі іс-шаралар өткізеді.

2024 жылы жастар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру және оларды жазғы маусым кезінде жұмыспен қамту мақсатында Ұлытау облысы бойынша 496 жасты жұмыспен қамту жоспарланып, аталған бағытқа жергілікті бюджеттен 71 млн. теңге бөлінді (Қала, аудандарда).

мыссыздықходов на 2024 год каков по сравнению с 2023 г? Ұлытау облысы бойынша **2023 жылы** жалға алу жоспары - 36 048 мың теңге, жалдау ақысын алу фактісі – 40 824 мың теңгені құрады. Жалға берілетін объектілердің ауданы – 28 618 шаршы метр.

Толық ақпарат хаттамаға тіркелген.

Бегенов Б – Жастарға гранттар бойынша толық айтып кетсеңіз.

Мұхан Д – Гранттар мемлекеттік тапсырыс бойынша өткізіледі. Мердігерлер арқылы. Барлығы 20 жас маман қатысты. Жалпы соммасы 20 млн.

Қайыпбеков А – Кредит мөлшерін ұлғайтуға бола ма?

Мұхан Д – Бағдарлама бізге тиесілі емес. Мөлшерін де біз көбейте алмаймыз .
Фомин В – «Отбасы банкі» арқылы женілдетілген несие алатын азаматтар туралы не айта аласыз?

Мұхан Д -Біз бағдарламаға катысатын салалардың қызметкерлерінің тізімін кеңейту максатында жұмыс жасап жатырмыз. Оған лаборанттарды, ветеринарларды ПТВС қызметкерлері бар.
Бегенов Б- Жақсы. Раҳмет. Егер де баяндамашылар карсы болмаса, сіздердің ұялы телефондарыңызды ҚК мүшелеріне берсек.

Әріптер! Сұраптар бар ма? Баяндамашыларға баға берсеңіздер, атқарылған жұмыстарына көнілдерініз толды ма, қабылдайсыздар ма?

Кім қолдайды? - 22 Кім қарсы?- 0 Қалыс қалған? – 0


ШЕШІМ:

1. Экономика, қаржы, жұмыспен қамтуды үйдеулерінде және алеуметтік бағдарламалар басқармасының, қоғамдық даму, барлығы 4 басқармалардың 2023 жылды атқарылған жұмыстарын қанағаттанарлық деп танылды.

Құрметті әріптер! Жұмыстарыңызға раҳмет. Келесі кездескенше.

Ұлытау облысының Қоғамдық
Кеңесінің төрағасы

Хатшы



Б.Бегенов

С.Оңғарбаева